

1-БЛОК: Математика

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Ұшақ 220 км/сағ жылдамдықпен ұшты. Ұшып өткен жолына қарағанда 385 км-ге кем жол қалғанда, жылдамдығын 330 км/сағ-қа арттырды. Сонда ұшақтың барлық жолдағы орташа жылдамдығы 250 км/сағ болды. Ұшақтың ұшып өткен барлық жолының ұзындығын табыңыз.
A) 1450 км
B) 1400 км
C) 1425 км
D) 1375 км
E) 1350 км
2. Жұмысшы 15 сағатта істеген жұмысы үшін 195 тг алады. Егер жұмыс қарқыны осындай болса, ол 8 сағатта _____ ақша табады
A) 101 тг
B) 104 тг
C) 103 тг
D) 100 тг
E) 105 тг
3. 6 түрлі кітапты 3 оқушыға әрқайсысына 2 кітаптан неше түрлі тәсілмен бөліп беруге болатынын табыңыз.
A) 36
B) 72
C) 48
D) 90
E) 96
4. Поезд станцияда 6 минутқа кешіктірілді. Осыдан кейін жылдамдығын 4 км/сағ арттырып, кеткен уақытын 36 км аралықта өтеді. Поездың алғашқы жылдамдығын табыңыз.
A) 38 км/сағ
B) 40 км/сағ
C) 42 км/сағ
D) 36 км/сағ
E) 34 км/сағ

5. Бірінші тракторшы екінші тракторшыға қарағанда жердің белгілі бөлігін 24 сағ ерте жыртып болады. Егер екі тракторшы бірігіп істесе, онда бұл жерді 35 сағатта жыртып болады. Бірінші тракторшы осы жерді жалғыз өзі қанша уақытта жыртып болатынын табыңыз.

- A) 72 сағ
- B) 80 сағ
- C) 84 сағ
- D) 48 сағ
- E) 60 сағ

6. Қалайы мен қорғасыннан тұратын 36 кг қорытпаның 45%-і қалайы. Қорытпада 60% қалайы болу үшін қанша қалайы қосу қажет екенін табыңыз.

- A) 15,2 кг
- B) 14,2 кг
- C) 14,5 кг
- D) 12,6 кг
- E) 13,5 кг

7. 1; 7; 31; 127; 511;..... тізбегінің жалпы мүшесінің формасын жазыңыз.

- A) $2^{2n} - 3$
- B) $2^{2n-1} - 3$
- C) $2^n + 1$
- D) $2^{2n+1} - 1$
- E) $2^{2n-1} - 1$

8. $x^2 - 7x + a = 0$ теңдеуінің түбірлері x_1 мен x_2 , ал $x^2 - 19x + b = 0$ теңдеуінің түбірлері x_3 пен x_4 екендігі белгілі болса және $x_1; x_2; x_3; x_4$ сандары осы көрсетілген ретпен арифметикалық прогрессия құрайтындай a және b сандарын табыңыз

- A) $a = 12; b = 84$
- B) $a = 10; b = 88$
- C) $a = 12; b = 80$
- D) $a = 10; b = 78$
- E) $a = 8; b = 76$

9. Өспелі арифметикалық прогрессияда бірінші, үшінші және бесінші мүшелерінің қосындысы -12-ге тең, олардың көбейтіндісі 80-ге тең. Бесінші мүшесінің мәні

- A) 2
- B) -4
- C) -2
- D) 4
- E) -10

10. Арифметикалық прогрессияның екінші, үшінші және төртінші мүшелерінің қосындысы 12, ал үшінші, төртінші және бесінші мүшелерінің қосындысы 21-ге тең. Прогрессияның бірінші мүшесін және айырмасын табыңыз.

A) $a_1 = \frac{1}{2}, d = -2$

B) $a_1 = 2, d = 3$

C) $a_1 = -3, d = 3$

D) $a_1 = 3, d = -2$

E) $a_1 = -2, d = 3$

11. Арифметикалық прогрессияның $a_3 = 7,5$ және $a_7 = 14,3$ прогрессияның бірінші мүшесін және айырмасын табыңыз.

A) $d = 1,3$ және $a_1 = 4,8$

B) $d = 6,8$ және $a_1 = -6,1$

C) $d = 3,4$ және $a_1 = 0,7$

D) $d = 1,7$ және $a_1 = 4,1$

E) $d = 1,4$ және $a_1 = 4,7$

12. $0,58(3)$ периодты ондық бөлшегін жай бөлшекке келтіріңіз. Бөлімі мен алымының айырмасын табыңыз.

A) 5

B) 1

C) 7

D) 3

E) 2

13. Есептеңіз: $\left(\frac{2\sqrt{15}}{\sqrt{15} + \sqrt{13}} + \frac{2\sqrt{13}}{\sqrt{15} - \sqrt{13}} - 4\sqrt{13} \right) \cdot (7 + \sqrt{13})$

A) 114

B) 12

C) 125

D) -105

E) 144

14. Егер $4^x + 4^{-x} = 23$ болса, онда $2^x + 2^{-x}$ өрнегінің мәні

- A) 2
- B) 4
- C) 5
- D) 16
- E) 25

15. Өрнекті ықшамдаңыз: $(2 + \sqrt{6})(1 - 3\sqrt{6}) \cdot 3\sqrt{6} + 48\sqrt{6}$

- A) -90
- B) -80
- C) -60
- D) -50
- E) -40

16. Есептеңіз: $81^{\log_3 5} + 27^{\log_9 36} + 3^{4\log_9 7}$

- A) 360
- B) 890
- C) 900
- D) 90
- E) 89

17. Өрнектің мәнін табыңыз: $\frac{\lg(3 + 2\sqrt{2})}{\lg(\sqrt{2} + 1)}$

- A) -2
- B) 2
- C) 1
- D) -1
- E) 3

18. Егер $4a^2 + 9b^2 = 13ab$, онда $\frac{2\lg(2a+3b)-2\lg 5}{\lg a + \lg b}$ өрнектің мәні

- A) 1
- B) 3
- C) -1
- D) -2
- E) 2

19. Өрнекті ықшамдаңыз: $\sin^3 \alpha \cos 3\alpha + \cos^3 \alpha \sin 3\alpha$

A) $\frac{1}{2} \sin 3\alpha$

B) $\frac{3}{4} \sin 4\alpha$

C) $\frac{1}{4} \sin 3\alpha$

D) $\frac{1}{4} \sin 4\alpha$

E) 0

20. Өрнекті ықшамда: $\frac{2 - \sin^2 \alpha - \cos^2 \alpha}{3 \sin^2 \alpha + 3 \cos^2 \alpha}$

A) $\frac{1}{3}$

B) -1

C) 0

D) 3

E) 1

21. Өрнекті ықшамдаңыз: $\frac{4 \cos 2\alpha}{\operatorname{ctg}^2 \alpha - \operatorname{tg}^2 \alpha} + \cos^2 2\alpha$

A) 0

B) 1

C) -1

D) 2

E) $\frac{2}{3}$

22. $\frac{x^2 + 2x}{\log_{0,2}(x+2)} > 0$ теңсіздігінің шешімін көрсетіңіз.

A) $(-1; 0) \cup (0; \infty)$

B) $(-2; \infty)$

C) $(-1; 0)$

D) $(-\infty; -2)$

E) $(-2; -1) \cup (0; \infty)$

23. Теңсіздікті шешіңіз: $\log_x(3 - 2x) > 1$

- A) $(1; 1,5)$
- B) $(1; +\infty)$
- C) \emptyset
- D) \mathbb{R}
- E) $(-1; 0)$

24. Теңсіздікті шешіңіз: $3^{2x+2} - 3^{x+4} < 3^x - 9$

- A) $[-2; 2]$
- B) $(1; 2)$
- C) $[-2; 2)$
- D) $(-2; 2)$
- E) $[-1; 2]$

25. Теңсіздікті шешіңіз: $\cos\left(\frac{\pi}{3} - 2x\right) - \cos\left(\frac{\pi}{6} + 2x\right) \leq 1$

- A) $\left(-\frac{7\pi}{12} + \pi n; \frac{5\pi}{6} + \pi n\right), n \in \mathbb{Z}$
- B) $\left[-\frac{7\pi}{12} + \pi n; \frac{\pi}{6} + \pi n\right], n \in \mathbb{Z}$
- C) $\left[-\frac{5\pi}{4} + 2\pi n; \frac{\pi}{4} + 2\pi n\right], n \in \mathbb{Z}$
- D) $\left[\frac{\pi}{6} + \pi n; \frac{6\pi}{12} + \pi n\right], n \in \mathbb{Z}$
- E) $\left(\frac{\pi}{6} + \pi n; \frac{5\pi}{12} + \pi n\right), n \in \mathbb{Z}$

26. Теңдеуді шешіңіз: $\cos x \cdot \sin 5x = \cos 2x \cdot \sin 4x$

- A) $\pi n, n \in \mathbb{Z}$
- B) $\pi n; \frac{\pi}{6} + \frac{\pi k}{3}, k, n \in \mathbb{Z}$
- C) $\frac{\pi}{6} + \frac{\pi k}{3}, k \in \mathbb{Z}$
- D) $2\pi n; \frac{\pi}{6} + 2\pi k; n, k \in \mathbb{Z}$
- E) $2\pi n, n \in \mathbb{Z}$

27. Теңдеуді шешіңіз: $6\cos^2 x + 5\cos\left(\frac{\pi}{2} - x\right) = 7$

A) $(-1)^{k+1} \frac{\pi}{3} + \pi k; (-1)^k \frac{\pi}{6} + 2\pi k, k \in \mathbb{Z}$

B) $\frac{\pi}{6} + \pi k; (-1)^{k+1} \arcsin \frac{1}{3} + 2\pi k, k \in \mathbb{Z}$

C) $(-1)^k \frac{\pi}{3} + 2\pi k; (-1)^k \arcsin \frac{1}{3} + \pi k, k \in \mathbb{Z}$

D) $(-1)^k \frac{\pi}{6} + \pi k; (-1)^k \frac{\pi}{6} + 2\pi k, k \in \mathbb{Z}$

E) $(-1)^k \frac{\pi}{6} + \pi k; (-1)^k \arcsin \frac{1}{3} + \pi k, k \in \mathbb{Z}$

28. Теңсіздікті шешіңіз: $\sin \frac{x}{2} < \frac{\sqrt{3}}{2}$

A) $\left(-\frac{8\pi}{3} + 4\pi k; \frac{2\pi}{3} + 4\pi k\right), k \in \mathbb{Z}$

B) $\left(-\frac{2\pi}{3} + 2\pi k; \frac{\pi}{3} + 2\pi k\right), k \in \mathbb{Z}$

C) $\left[-\frac{4\pi}{3} + 2\pi k; -\frac{\pi}{3} + \pi k\right], k \in \mathbb{Z}$

D) $\left(-\frac{4\pi}{3} + 3\pi k; -\frac{2\pi}{3} + 3\pi k\right), k \in \mathbb{Z}$

E) $-7\pi n \leq 4x \leq 5\pi n, n \in \mathbb{Z}$

29. Теңдеуді шешіңіз: $\cos 2x = 2 \cos x \cos 5x - 1$

A) $2\pi n; \frac{2\pi}{3} n, n \in \mathbb{Z}$

B) $\pi n; \frac{\pi}{3} n, n \in \mathbb{Z}$

C) $\frac{\pi}{2} + \pi n; \frac{\pi}{3} + \pi n, n \in \mathbb{Z}$

D) $2\pi n; 3\pi n, n \in \mathbb{Z}$

E) $\frac{\pi}{2} n; \frac{\pi}{3} n, n \in \mathbb{Z}$

30. Теңсіздікті шешіңіз: $2\cos x - \sqrt{3} \leq 0$

A) $\left(-\frac{\pi}{6} + 2\pi k; \frac{\pi}{6} + 2\pi k\right), k \in \mathbb{Z}$

B) $\left(\frac{\pi}{6} + \pi k; \frac{11\pi}{6} + 2\pi k\right), k \in \mathbb{Z}$

C) $\left[\frac{\pi}{6} + 2\pi k; \frac{\pi}{6} + 2\pi k\right], k \in \mathbb{Z}$

D) $\left[-\frac{\pi}{6} + 2\pi k; \frac{11\pi}{6} + 2\pi k\right], k \in \mathbb{Z}$

E) $\left[\frac{\pi}{6} + 2\pi k; \frac{11\pi}{6} + 2\pi k\right], k \in \mathbb{Z}$

31. Функцияның анықталу облысын табыңыз: $y = \sqrt{|x|} - 5$

A) $(-\infty; -5) \cup (5; \infty)$

B) $(-\infty; -5] \cup [5; \infty)$

C) $[-5; 5)$

D) $(-\infty; -2) \cup (1; 5)$

E) $(-\infty; -2) \cup (2; \infty)$

32. $y = 1 + \sin \frac{\pi}{2} x$ функциясының периодын табыңыз

A) 4

B) 1

C) $2\pi k$

D) $\frac{\pi}{4}$

E) πk

33. Функцияның анықталу облысын табыңыз: $y = \sqrt{|x|} - 3$

A) $(-\infty; 0) \cup (0; 3)$

B) $(-\infty; -3] \cup [3; \infty)$

C) $(-\infty; 3) \cup (3; \infty)$

D) $(-\infty; -2) \cup (0; \infty)$

E) $[-3; 3]$

34. Функцияның анықталу облысын

табыңыз: $y = \arcsin\left(\frac{x-5}{6}\right) - \lg(x^2 - 10x + 24)$

- A) $[-1; 4] \cup [6; 11]$
- B) $(-1; 4) \cup (6; 11)$
- C) $[-1; 4) \cup (6; 11]$
- D) $(-1; 4) \cup (6; 11]$
- E) $[-1; 4) \cup (6; 11)$

35. Қандай сызық мына теңдеу арқылы берілген: $x^2 + y + 1 = 4(2y + x)$

- A) түзу
- B) парабола
- C) эллипс
- D) шеңбер
- E) гиперболола

36. $g(x) = \sin\left(3x + \frac{\pi}{7}\right)$ функциясының ең кіші оң периодын анықтаңыз.

- A) $\frac{2\pi}{5}$
- B) $\frac{\pi}{6}$
- C) 2π
- D) $\frac{\pi}{3}$
- E) $\frac{2\pi}{3}$

37. Тікбұрышты үшбұрыштың катеттері 5-ке және 12-ге тең. Тікбұрышты үшбұрыштың биссектрисасын гипотенузаны бөлген кесінділердің ұзындықтары:

- A) $3\sqrt{5}; \sqrt{5}$
- B) $5\sqrt{2}; \sqrt{2}$
- C) $\frac{156}{17}; \frac{65}{17}$
- D) $5\sqrt{3}; \sqrt{3}$
- E) $\frac{65}{17}; \frac{105}{17}$

38. Тең бүйірлі трапецияның бүйір қабырғасы 4 және табанымен 30° бұрыш жасайды, орта сызығы 5-ке тең. Трапецияның ауданын табыңыз.

- A) 9
- B) 12
- C) 8
- D) 6
- E) 10

39. Гипотенузасы 25-ке тең, катеттерінің қатынасы 3:4 қатынасындай болатын тік бұрышты үшбұрыш ауданын табыңыз.

- A) 150
- B) 90
- C) 130
- D) 120
- E) 110

40. Параллелограмның диагональдары 45° жасап қиылысады және олардың ұзындықтары сәйкесінше 4-ке және $\sqrt{32}$ –ге тең. Параллелограмның үлкен қабырғасының мәні

- A) 2
- B) $2\sqrt{5}$
- C) $3\sqrt{2}$
- D) 2,5
- E) $4\sqrt{5}$

41. Үшбұрыштың үш қабырғасы 13, 14, 15. Осы үшбұрыштың үлкен бұрышының косинусын табыңыз.

- A) $\frac{2}{13}$
- B) $\frac{6}{13}$
- C) $\frac{5}{13}$
- D) $\frac{4}{13}$
- E) $\frac{7}{13}$

42. Трапецияның орта сызығы 10 см-ге тең және ол сызық трапецияның ауданын 3:5 қатынаста бөледі. Трапецияның табандарының ұзындықтарын табыңыз.

- A) 7 см; 13 см
- B) 5 см; 15 см
- C) 6 см; 14 см
- D) 9 см; 11 см
- E) 8 см; 12 см

43. Сфера бетінің ауданы 324π м². Сфера радиусын табыңыз .

- A) 27 м
- B) 8 м
- C) 12 м
- D) 18 м
- E) 9 м

44. Көлбеу параллелепипедтің табаны – қабырғалары 4 см және 6 см болатын тіктөртбұрыш. Бүйір қыры 2 см-ге тең және табанының іргелес қабырғаларымен 60° бұрыш жасайды. Көлемін табыңыз

- A) 24 см^3
- B) $30\sqrt{2} \text{ см}^3$
- C) 30 см^3
- D) 32 см^3
- E) $24\sqrt{2} \text{ см}^3$

45. DABC тетраэдрде, $\angle BDC = 60^\circ$, $DA=DB=DC$. \overrightarrow{DB} және \overrightarrow{CB} векторлардың арасындағы бұрышы

- A) 60°
- B) 45°
- C) 135°
- D) 90°
- E) 120°

46. $\vec{k}(4;3)$ векторының ұзындығын табыңыз

- A) 5
- B) 4
- C) 6
- D) 10
- E) 8

47. $\vec{a} + \vec{b} + \vec{c} = 0$. $|\vec{a}| = 2, |\vec{b}| = 5, |\vec{c}| = 9$. $\vec{a}\vec{b} + \vec{b}\vec{c} + \vec{a}\vec{c}$ өрнегінің мәнін табыңыз

- A) -55
- B) -64
- C) -49
- D) 25
- E) -33

48. A(-1;-2;4), B(-4;-2;0) және C(3;-2;1) нүктелері ΔABC үшбұрыштың төбелері. Үшбұрыштың A төбесінің градустық өлшемі

- A) 45^0
- B) 30^0
- C) 120^0
- D) 60^0
- E) 90^0

49. P(2;2) және H(6;6) кесіндісінің ұштары болса, ортасының координатасын табыңыз.

- A) (2;2)
- B) (3;3)
- C) (4;4)
- D) (0;0)
- E) (2;1)

50. $\vec{a}, \vec{b}, \vec{c}$ векторлары өзара перпендикуляр $|\vec{a}| = y$ болса, $(\vec{a} + 2\vec{b}) \cdot (3\vec{a} - \vec{c})$ скаляр көбейтіндісін анықтаңыз.

- A) $3y$
- B) $3y^2$
- C) y
- D) y^2
- E) $2y$

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. $\frac{2m-1}{2m} - \frac{2m}{2m-1} - \frac{1}{2m-4m^2}$ өрнегімен теңбе-тең өрнекті көрсетіңіз

A) $-m$

B) m

C) $-\frac{1}{m}$

D) $\frac{1}{m}$

E) $\frac{2m-2}{2m-4m^2}$

F) $\frac{4m-2}{2m-4m^2}$

G) $\frac{2-4m}{2m-4m^2}$

52. Дүйсенбі күні компанияның акциялары бірнеше пайызға артты, ал сейсенбі күні соншама пайызға есе кеміді. Нәтижесінде акциялар алғашқы бағасы соңғы бағасынан 4% кеміді. Дүйсенбі күні акциялар ___ пайызға қымбаттады.

A) 20

B) 18

C) 25

D) 21

E) 15

F) 16

53. Түбірлері өзара кері теңдеулерді көрсетіңіз

A) $\frac{3x^2 - 14x + 16}{x} = 0$

B) $(x+3)(x-4) = -12$

C) $x^2 + 9x + 18 = 0$

D) $x^5 - x^4 - 2x^3 + 2x^2 - 3x + 3 = 0$

E) $3x^2 - 14x + 16 = 0$

F) $6x^2 - 13x + 6 = 0$

G) $x^2 - 3x + 1 = 0$

54. $\frac{33}{x^2 - 6x + 8} - x^2 + 6x = 16$ теңдеуінің шешімі болатын сандарды

көрсетіңіз.

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 5
- E) 4

55. Теңдеуді шешіңіз: $\sqrt{x^2 + 4x + 4} + \sqrt{x^2 - 12x + 36} = 16$

- A) -6; 10
- B) 5; 12
- C) 6; 10
- D) -5; 6
- E) -6; 12
- F) -6; 6

56. Теңдеуді шешіңіз: $4^x - 3^{x-\frac{1}{2}} = 3^{x+\frac{1}{2}} - 2^{2x-1}$

- A) $\frac{3}{4}$
- B) $\frac{3}{5}$
- C) $\frac{1}{2}$
- D) $\frac{3}{2}$
- E) $\frac{2}{3}$
- F) $\frac{1}{4}$

57. $f(x) = (2x^2 - 3x + 1)\cos x$ болса, $f'(0)$ табыңыз

- A) -3
- B) 0
- C) 1
- D) -4
- E) 3
- F) 4

58. $f(x) = \frac{\operatorname{ctg} x}{2}$ функциясының графигіне $x = \frac{\pi}{4}$ нүктесінде жүргізілген

жанамаңың Ох осімен жасайтын бұрышы жататын аралық:

A) $(120^\circ; 270^\circ)$

B) $(60^\circ; 150^\circ)$

C) $(30^\circ; 60^\circ)$

D) $(90^\circ; 120^\circ)$

E) $(60^\circ; 120^\circ)$

F) $(25^\circ; 90^\circ)$

G) $[45^\circ; 90^\circ)$

59. $\int_0^3 x^2 dx = 4y^2 + 5$ теңдеудің түбірлері

A) 2

B) 3

C) 1

D) -2

E) -3

F) -1

G) -4

H) 0

60. $\int_0^2 (x-2) dx = y^2 + 3$ теңдеудің түбірлері

A) 3

B) -1

C) -3

D) 1

E) -2

F) 2

G) -4

H) 4

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Үздік автомобиль



Автомобиль журналы жаңа машиналарды бағалауда рейтингтік жүйені қолданады. Ең жоғарғы балл жинаған машина «үздік» атанады. Төменде жаңа бес машинаның алған балдары көрсетілген. Машинаның жалпы балы үшін келесі формула қолданылады. Жалпы балл: $3 * S + F + E + T$.

Машина моделі	Қауіпсіздігі (S)	Үнемділігі (F)	Сырт келбеті (E)	Ішкі ыңғайлылығы (T)
Ca	3	1	2	3
M2	2	2	2	2
Sp	3	1	3	2
N1	1	3	3	2
KK	3	2	3	2

61. Рейтингісі ең төмен машина

- A) N1
- B) M2
- C) Ca
- D) KK
- E) Sp

62. Рейтингісі ең жоғары машина

- A) N1
- B) M2
- C) Ca
- D) KK
- E) Sp

63. 16 балға ие болған автокөлік:

- A) N1
- B) M2
- C) Ca
- D) KK
- E) Sp

64. Ca машинасының жалпы балы

- A) 20балл
- B) 15балл
- C) 24балл
- D) 30балл
- E) 35балл


65. Көрстелген әр машинаның «үздік» атану ықтималдығы

- A) $\frac{2}{5}$
- B) $\frac{1}{5}$
- C) 1
- D) $\frac{1}{2}$
- E) $\frac{3}{5}$

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



Цилиндрдің радиусы 20 см-ге тең, жасаушысы 8 см-ге тең, 32 см-ге тең хордасы арқылы қима жүргізілген

66. Цилиндрдің табанының ауданы

- A) $1600\pi\text{ см}^2$
- B) $100\pi\text{ см}^2$
- C) $800\pi\text{ см}^2$
- D) $400\pi\text{ см}^2$
- E) $6400\pi\text{ см}^2$

67. Цилиндрдің осінен қимаға дейінгі арақашықтық

- A) 18 см
- B) 12 см
- C) 10 см
- D) 15 см
- E) 8 см

68. Цилиндрдің көлемі

- A) $4200\pi\text{ см}^3$
- B) $6400\pi\text{ см}^3$
- C) $4800\pi\text{ см}^3$
- D) $4000\pi\text{ см}^3$
- E) $3200\pi\text{ см}^3$

69. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы

A) $512\pi \text{ см}^2$

B) $160\pi \text{ см}^2$

C) $320\pi \text{ см}^2$

D) $400\pi \text{ см}^2$

E) $256\pi \text{ см}^2$

70. Қиманың ауданы

A) 128 см^2

B) 256 см^2

C) 400 см^2

D) 144 см^2

E) 96 см^2

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.